

Өзбек әдебиетінің дамуына ауыз әдебиеті мен шығыс халықтары әдебиетінің әсері мол болған. Жанрлық түрі бай ұлттық фольклорында халық тарихын баяндайтын жыр-дастандардың алатын орны ерекше. Оларға “Күнтуғимиш”, “Алпамыш”, “Гороглы”, “Юсуф пен Ахмад”, “Тахир мен Зухра”, “Арзигул”, т.б. жырлар жатады.

Түркі халықтарының, оның ішінде өзбектердің дүние жүзіне танылуына Әлішер Науаидың шығармалары ықпал етті. 18 – 19 ғасырлардағы өзбек әдебиетінде Тұрды, Күлхани, М.Хорезми, Агахи, т.б. шығармалары елеулі орын алды. Ал Фурқат, Дилшад, Х. Хакизада Ниязи, С.Айни, А.Қадыри шығармалары демократикалық-ағартушылық ағымның бастауы болып саналады.

**Мұхаммед Риза Агехи** (Мұхаммед Риза мираб ибн Ер Нийаз бек) — тарихшы, [акын](#), аудармашы.

Атақты сарай тарихшысы [Мунис](#) (мираб Шир Мұхаммед) өлгеннен кейін оның аяқтай алмай кеткен “Бақыт жұмағы” аталатын тарихи шығармасын жазып бітірді. Өзі 1825-75 жылдары [Хорезмде](#) өткен оқиғаларды қамтитын бірнеше еңбектер

- “Мемлекетті басқару”
- “Тарихтар қаймағы”
- “Бақыт құсы” жазды.

Агехи шығармаларында Хиуаның ішкі саяси тарихы, оның көршілес елдермен қарым-қатынасы туралы мәліметтер мол. [Қазақтар](#) мен [қарақалпақтардың](#), [түркмендердің](#), [Иран](#) мен [Мауераннахрдың](#) тарихынан құнды деректер берілген. 1870 жылы көктемде [Орынбор](#) қамалының маңында орыстармен болған ұрыста қазақтардың сәтті жеңісін баяндайды. Хиуада болған оқиғаларға [қазақ хандары](#) мен сұлтандарының араласуы, Хиуа билеушілерінің [Сырдария](#), [Каспий](#) мен [Арал теңізі](#) арасын қоныстанған қазақтарға жасаған шапқыншылығы, қазақ — қарақалпақ қарым-қатынасы туралы [мәліметтер](#) бар.

- [парсы тілінен Саадидың “Гүлстан”](#)
- [Жәмидің “Жүсіп - Зылиха”](#)
- “Баһаристан”
- [Низамидің “Хафт пейкар”](#) (“Жеті сұлу”)
- [Хилалидың “Шах уә гедә”](#) (“Патша мен кедей”)
- [Кейкауустың “Кабуснама”](#)

• [Мирхондидің “Рәузат әс-сафә”](#) (“Тарихтің бағаты”) д.б. еңбектерді аударды.

**Науаи Әлішер** (Низамеддин Мір Әлішер) — Түркі халықтарына ортақ ұлы [ақын](#), ойшыл, мемлекеттік қайраткер. Науаи 15 жасында [түркі](#) және [парсы](#) тілдерінде бірдей жазатын белгілі ақын ретінде танылды. [Ғиратта](#), [Мешхедте](#), [Самарқанда](#) оқып, [логика](#), [пәлсапа](#), [математика](#) пәндерінен мағлұмат алды. Ол өнер жұмыспен айналысып, «Хамса» тобына енетін «Жақсылардың таңдануы», «Фархад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті әлем», «Ескендір дуалы» атты шығармаларын жазды. Науаи шығармалары [15 ғ.](#) өзінде [Мауараннахр](#) мен [Хорасанды](#) ғана емес, [Иран](#), [Әзірбайжан](#), [Шығыс Түркістан](#), [Үндістан](#), [Мысыр](#), түркі елдеріне, кейіннен [Еуропа](#) мен [Америка](#) кітапханаларына да тарады. Шығармалары көптеген тілдерге аударылған. 1472 ж. уәзір болып тағайындалды. Әлішер Науаи осы қызметтерде жүріп, ғалымдарға, суретшілерге, музыканттарға, ақындарға, хуснихатшыларға (каллиграфтарға) қамқорлық жасады. Өз қаржысына жолдар, көпірлер, каналдар, керуен сарайлар, мектептер, шеберханалар салдырды. Әлішер Науаидың халық арасында абырой-беделінің артуын қызғанған басқа уәзірлер оны Байқарамен араздастырып уәзірліктен босатылуына себепші болды. 15 ғасырда өмір сүрген 400 шайырдың шығармашылығынан мәлімет беретін «Ғажайып мәжілістер» («Маджолис ун-нафоис») кітабын жазды. Әлішер Науаидың ақындық дарынына ұлы [Абай](#) да тәнті болып, оның шығармашылық дәстүрін жалғастырған.

**Көроғлы, Көрұғлы, Көрғұлы** – қаһармандық халық эпосы. Жырдың түрлі нұсқалары түрікмен, қарақалпақ, өзбек, құмық, Әзірбайжан халықтарында кездеседі. Қазақ тілінде 7 нұсқасы басылым көрген.

Көроғлы адамзаттан қалған  
рухани мирас ретінде  
ЮНЕСКОға кірді







